



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 7-14 қазан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2022 жыл, 17 қазан

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 14 қазанда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 1%-ға (472,04 теңгеден) әлсіреп, 1 АҚШ доллары үшін 476,89 теңге деңгейінде қалыптасты. Сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. Олардың ішінде негізгісі – қыркүйек айының қорытындысы бойынша жылдық мәнде 8,2%-ды құраған АҚШ-тағы инфляцияға қатысты деректердің шығуы. Инфляцияның талдаушылар күткеннен де жоғары мәні қазынашылық кірістер мен АҚШ долларының өсуіне себеп болды. Бұл АҚШ-тың ақша-кредит саясатын қатарынан төртінші рет пайыздық мөлшерлемені 75 б.п. көтеруге одан әрі қатаңдату перспективаларын нығайтады. Бұл қатарынан төртінші рет пайыздық ставкаларды 75 б.т. көтеруге АҚШ-тың ақша-кредит саясатын одан әрі қатаңдату перспективаларын нығайтады.


Бұл факторлар дамушы нарықтардағы валюталардың динамикасына теріс әсер етті.

Дамушы елдерде АҚШ долларына қатысты валюталар бағамының¹ динамикасы төмендегідей қалыптасты:


- **Түрік лирасы** өткен жылмен салыстырғанда 2,7%-ға өскен тамыз айындағы өнеркәсіптік өндіріс жөнінде деректердің шығуы аясында 0,4%-ға (18,57-ден 18,49-ға дейін) нығайды;
- **Үнді рупиясы** 82,33-тен 82,36-ға дейін біршама нығайды;
- **Мексика песосы** АҚШ ФРЖ-ның мөлшерлемелерді одан әрі көтеруіне қатысты күтулердің нығаюы аясында 0,2%-ға (20,04-тен 20,08-ге дейін) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** шетелдік капиталды әкетудің жалғасуы аясында 1,2%-ға (15251-ден 15427-ге дейін) әлсіреді;
- **Оңтүстік Африка ранды** АҚШ долларының нығаюы және жаһандық тәуекел-сентименттің төмендеуі аясында 1,4%-ға (18,1-ден 18,36-ға дейін) әлсіреді. Transnet мемлекеттік порттық және теміржол логистикалық компаниясындағы жұмысшылардың ереуілдері тауарлардың елге әкелінуін/елден әкетілуін бәсеңдетеді;
- **Ресей рублі** АҚШ долларының нығаюы, мұнай бағасын белгілеудің және геосаяси қысымның төмендеуі аясында 1,8%-ға (61-ден 62,11-ге дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** бейрезиденттердің кетуі аясында 2,5%-ға (5,2-ден 5,33-ке дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылдың басынан бастап 14 қазанға дейінгі аралықта)**



**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылғы 7-14 қазан аралығында)**



Дамушы елдер валюталарының динамикасы
(2022 жылғы 30 қыркүйек = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері төмендегідей нөмір бойынша алуына болады:

8 (7172) 77–52–10
e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz